

Г.Е. Салимова\*<sup>1</sup> , Н.Қ. Тоқсанбаева<sup>1</sup> , Х.Т. Наубаева<sup>2</sup> , Ш.Т. Турдалиева<sup>3</sup> ,  
М.А. Еркінбекова<sup>4</sup> 

<sup>1</sup> ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> Ильяс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

<sup>3</sup> М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

<sup>4</sup> “Q” университеті, Алматы, Қазақстан

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне құндылық бағдарлардың ықпалы психологиялық зерттеу әдістері арқылы қарастырылды. Зерттеу студенттердің құндылық жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі ортақ белгілер мен айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік берді. Жұмыстың тек теориялық маңыздылығы ғана емес, сонымен қатар практикалық құндылығы да бар: ол білім беру ұйымдарында студенттердің құндылық бағдарларын ескере отырып, олардың әлеуметтік бейімделуін қолдауға бағытталған психологиялық бағыттарды жетілдіруге негіз болады. Сонымен қатар, студенттердің құндылық бағдарлары мен әлеуметтік бейімделуін зерттеу психология ғылымының өзекті бағыттарының бірі ретінде нақтыланады. Жалпы алғанда, құндылықтар – бұл тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен бағдарларын айқындайтын маңызды ақпараттық қабат, оны тиімді қолдану арқылы студенттің әлеуметтік ортада жақсы әрекет етуіне және тұлғалық дамуын жүзеге асыруына мүмкіндік туады деген идеяны білдіреді. Құндылық бағдарларды анықтауға арналған әдістерді көптеген ғалымдар, соның ішінде Ш.Шварц, Э.Шпрангер, К.Роджерс және басқа зерттеушілер әлеуметтік бейімделу мен тұлғалық даму контекстінде қарастырған. Олар құндылық бағдарларын тұлғаның мінез-құлқын, әлеуметтік ортадағы өзара әрекеттесуін және өмірлік стратегияларын айқындайтын негізгі фактор ретінде сипаттады. Зерттеу студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделу нәтижелерін анықтау мақсатында олардың құндылық бағдарларын дамытуға және бейімделу үдерісін қолдануға бағытталған психологиялық жұмыстарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Қайнар университеті студенттері арасында жүргізілді. Респонденттер ретінде 18-19 жас аралығындағы 75 студентке эмпирикалық зерттеу жасалды. Зерттеуге қатысушылардың құндылық бағдарлары мен әлеуметтік бейімделу деңгейлері арнайы психологиялық әдістемелер кешені арқылы анықталды.

**Түйін сөздер:** студент, әлеуметтік бейімделу, құндылық бағдарлар, психологиялық ерекшеліктер, тұлға, бейімделу стратегиялары, құндылық жүйесі.

Салимова Г.Е.\*<sup>1</sup>, Тоқсанбаева Н.Қ.<sup>1</sup>, Наубаева Х.Т.<sup>2</sup>, Турдалиева Ш.Т.<sup>3</sup>,  
Еркінбекова М.А.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Жетісуский университет имени Ильяса Жансугурова, Талдықорған, Казахстан,

<sup>3</sup>Таразский университет имени М.Х. Дулати. Тараз, Казахстан

<sup>4</sup> “Q” университет, Алматы, Казахстан

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ В СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ

*Аннотация*

В данной статье рассматривается влияние ценностных ориентаций на социальную адаптацию студентов с использованием психологических методов исследования. Исследование позволило выявить особенности формирования ценностной системы студентов, определить общие черты и различия в их социальной адаптации. Работа имеет не только теоретическую значимость, но и практическую ценность: она служит основой для совершенствования психологических направлений, ориентированных на поддержку социальной адаптации студентов в образовательных организациях с учётом их ценностных ориентаций. Кроме того, исследование ценностных ориентаций и социальной адаптации студентов уточняется как одно из актуальных направлений науки психологии. В целом ценности представляют собой важный информационный слой, определяющий жизненные позиции и ориентиры личности; их эффективное использование даёт возможность студенту успешно действовать в социальной среде и реализовывать личностное развитие. Методы выявления ценностных ориентаций рассматривались многими учёными, среди которых Ш.Шварц, Э.Шпрангер, К.Роджерс и другие исследователи, изучавшие их в контексте социальной адаптации и личностного развития. Они описывают ценностные ориентации как ключевой фактор, определяющий поведение личности, её взаимодействие в социальной среде и жизненные стратегии. Исследование позволяет разработать психологические программы, направленные на развитие ценностных ориентаций студентов и поддержку процесса их социальной адаптации для успешного освоения образовательной среды.

Исследование проводилось среди студентов Казахского национального университета имени аль-Фараби и университета «Кайнар». В качестве респондентов выступили 75 студентов в возрасте 18-19 лет. Ценностные ориентации и уровень социальной адаптации участников исследования определялись с использованием комплекса специальных психологических методик.

**Ключевые слова:** студент, социальная адаптация, ценностные ориентации, психологические особенности, личность, стратегии адаптации, система ценностей.

*G.E. Salimova<sup>1</sup>, N.K. Toxanbayeva<sup>1</sup>, Kh.T. Naubayeva<sup>2</sup>, Sh.T. Turdaliyeva<sup>3</sup>,  
M.A. Yerkinbekova<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty*

*<sup>2</sup>Zhetysu university named after Ilyas Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan,*

*<sup>3</sup>M.Kh.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan.*

*<sup>4</sup>“Q” University, Almaty, Kazakhstan*

**PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF VALUE ORIENTATIONS IN STUDENTS’  
SOCIAL ADAPTATION**

*Abstract*

This article examines the influence of value orientations on the social adaptation of students using psychological research methods. The study made it possible to identify the features of the formation of students’ value systems, as well as to determine commonalities and differences in their social adaptation. The work has not only theoretical significance but also practical value: it serves as a basis for improving psychological approaches aimed at supporting students’ social adaptation in educational organizations, taking into account their value orientations. In addition, the study of students’ value orientations and social adaptation is specified as one of the relevant directions in the science of psychology. Overall, values represent an important informational layer that defines an individual’s life positions and orientations; their effective use enables students to act successfully in the social environment and to achieve personal development. Methods for identifying value

orientations have been considered by many scholars, including Sh.Schwartz, E.Spranger, C.Rogers, and other researchers who studied them in the context of social adaptation and personal development. They describe value orientations as a key factor determining an individual's behavior, interaction within the social environment, and life strategies. The study makes it possible to develop psychological programs aimed at fostering students' value orientations and supporting the process of their social adaptation for successful integration into the educational environment.

The research was conducted among students of Al-Farabi Kazakh National University and "Kainar" University. The respondents included 75 students aged 18–19 years. Value orientations and the level of social adaptation of the study participants were determined using a set of specialized psychological methods.

**Keywords:** student, social adaptation, value orientations, psychological characteristics, personality, adaptation strategies, value system.

**Кіріспе бөлім.** Жоғары білім беру ұйымдарында студенттердің ортаға бейімделуі білім беру процесінің барлық субъектілері үшін маңызды мәнге ие, өйткені ол кәсіби оқытудың тиімділігін айқындайды. Құндылық бағдар тұлғаның мінез-құлқын, таңдауларын және әлеуметтік қатынастарын айқындайтын негізгі психологиялық фактор болып табылады. Көптеген зерттеулерде студенттердің жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу барысында қосымша қиындықтарға тап болатыны көрсетіледі, бұл көптеген факторлармен байланысты (қалалық жағдайда өмірге бейімделу қиындығы, этномәдени бейімделу мен мәдениетаралық коммуникациядағы қиындықтар, психологиялық бейімделу мәселелері және т.б) [1;2]. Осыған байланысты олардың бейімделуін зерттегенде тек академиялық, психологиялық және социомәдени аспектілер ғана емес, сонымен қатар студенттердің құндылық бағдар жүйесін де ескеру қажет. Сондықтан студенттің жаңа ортаға бейімделу табыстылығы оның құндылық бағдарларының бағыттылығына тікелей байланысты. Білім беру процесінде студенттердің бейімделуін диагностикалау мен қолдау барысында олардың құндылық бағдарларын анықтап, дамытуға ерекше назар аудару - маңызды ғылыми әрі практикалық міндет.

**Негізгі бөлім.** Қазіргі жаһандану жағдайында студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуі олардың құндылық бағдарларымен тікелей байланысты. Құндылық бағдарлар тұлғаның әлеуметтік қатынастардағы мінез-құлқын айқындайтын маңызды психологиялық фактор болып табылады. “Құндылықтық бағдарлар” термині ғылыми айналымға ХХ ғасырдың екінші жартысында құндылықтар мен олардың шығу тегін зерттейтін аксиологиялық - ілімнің белсенді дамуымен байланысты енді. Философиялық ілім ретінде аксиология танымның, қызметтің, адам өмірінің мақсаты мен мәні мәселелерін, тұлға өмірі мен адамзат қоғамы өмірінің арақатынасы мәселелерін зерттеді. “Құндылық”, “құндылықтық бағдар”, “құндылықтық қатынас” және басқа ұғымдар Б.А.Чагин, Б.И.Додонов, В.П.Тугаринов, И.С.Нарский, О.Г.Дробницкий және басқалардың еңбектерінде тұжырымдалды [3].

“Құндылық” ұғымы “баға” сөзінен туындайды. В.И.Даль “баға” ұғымын құн, төлем, қадір-қасиет, затқа немесе еңбекке берілген бағалау, бір нәрсенің құны, сатып алу немесе сатудағы баға, ақшаға айырбастаудың өлшемі, істің немесе заттың құндылығы деп анықтайды. Ал “құндылық” ұғымы бағаның белгісі ретінде түсіндіріледі. Қадірлеу, бағалау дегеніміз – адамның қадір-қасиетін, оның моральдық еңбегін немесе әрекеттерін айқындау дегенді білдіреді [4].

“Құндылық” ұғымы әртүрлі феномендерді - заттарды, құбылыстарды, сондай-ақ моральдық және рухани идеалдарды қамтитын идеяларды белгілеу үшін қолданылады және олар дұрыс әрі талап етілетін, әлеуметтік тұрғыдан құпталатын мінез-құлық пен ойлау үдерістерінің эталоны ретінде көрінеді.

Алғаш рет И.Кант еңбектерінде құндылық ұғымы тұлғаның нақты құрылымдық компоненттеріне - ерікке (әсіресе оған қойылған талаптарға), тұлғаның бағыттылығына - адамның мақсаттары түрінде, адам үшін белгілі бір факторлардың маңыздылығы ретінде

жүгінеді. Іс-әрекеттің моральдық құндылығының мәні - еріктің моральдық заңмен детерминациялануында [5]. Г.Гегельде [6] адамдардың жеке таңдауларына тәуелсіз, рух еркіндігімен байланысты рухани құндылықтар туралы нұсқау пайда болады.

Жеке адамның құндылықтары оның құндылықтық бағдарларының жүйесін құрайды және олардың саны мен қалыптасу дәрежесінің әртүрлілігімен ерекшеленеді. Тұлғаның құндылықтарының қалыптасуында мәдениет пен қоғамның негізгі рөлі бар, сондай-ақ адамдардың құндылықтық ұстанымдарының негізгі әлеуметтік феномендерге ықпалы зор [7].

Философиядағы құндылықтар мәселесін бағалай отырып, Д.А.Леонтьев құндылықтың табиғатын түсіну оны талдаудың негізгі сұрағы деп санайды [8]. Оның пікірінше, социомәдени тәсіл мұндай шектеулікті еңсереді, өйткені ол құндылықтар жүйесін адамдардың белгілі бір қауымдастығының өмір сүру негізінде жатқан іс-әрекеттер мен әлеуметтік қатынастар жүйесі тұрғысынан қарастырды. Бұл жағдайда құндылықтар әртүрлі өмір салаларындағы әлеуметтік идеал және тиістінің бейнесі ретінде көрінеді. Мұндай құндылықтар жалпыадамзаттық та, нақты-тарихи да болуы мүмкін.

Тұлғаның құндылықтық бағдарлары индивид үшін маңызды болып саналатын нәрселер туралы оның сенімдері мен түсініктері ретінде қарастырылғанымен, олар құндылықтарды адамдардың іс-әрекетінің объективті факторы ретінде түсінуді жоққа шығармайды. Бұл фактор саналы түрде ұғынылса да, ұғынылмаса да, олардың мінез-құлқына ықпал етеді [9]. Әлеуметтік құндылықтар тұлғаның құндылықтық бағдарларына айналып, идеалдар түрінде тиістінің үлгісіне айналады. Идеалға норма, қызметтің түпкі мақсаты, кемелдіктің ойша бейнесі ретінде ұмтылады [10, 153-б.].

Д.А.Леонтьев “құндылық” ұғымын қолданудың әртүрлі анықтамалары мен түсіндірмелерін қамтитын бірыңғай дефиниция жасауға тырысты. Ол келесі оппозицияларды ұсынды:

- объектілер құндылыққа ие немесе объектілер құндылықтың өзі болып табылады;
- нақты заттар немесе ерекше абстрактілі мәндер;
- жеке немесе наджеке(индивидуалды жоғары);
- жеке құндылықтардың табиғатын социологизациялау немесе онтологизациялау;
- құндылықтар тұлға құрылымына саналы бақылау механизмдері арқылы енгізіледі немесе олар тұлғаны бағыттылығын, қаншалықты саналылығына қарамастан анықтайды;
- эталон немесе идеал, мұнда эталон өзгермейді, бірақ біз оған ұмыталамыз, ал идеал өте алыс немесе қол жетпейтін перспективаға айналады [11, 18 б.].

Е.В.Ключко құндылық туралы түсінікті адамның қажеттілігі, оның әлемінің субъективті координатасы ретінде дамытады және мәселені құндылықтарды субъективті немесе объективті шындықтың шеңберінде орналастыру мүмкін еместігінде көреді, өйткені адам таңдауы өзара әрекетке қабілетті.

Құндылықтар адамның рухани және когнитивтік жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олар студенттің өмірлік мақсаттарын, мамандық таңдауын, кәсіби өзін-өзі анықтауын және жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуін айқындайды. Орта ғасырларда құндылықтар діни сипатпен түсіндірілсе, қайта өрлеу дәуірінде гуманизм алға шықты, ал жаңа заманда ғылыми білімнің дамуына байланысты құндылықтар адамның әрекеті мен дамуына бағдар беретін өлшем ретінде қарастырыла басталды.

В.В.Знаков құндылықтарды адам баласының мәселесі ретінде талдап, адамның тұлға ретіндегі абсолютті құндылығын мойындайды, ол объективті түрде бар бастапқы нүктеге, барлығының орталығына айналады [12,488 б.]. Субъект кейбір құндылықтарға таңдаулы түрде бағдарланады және басқаларын жоққа шығарады. Болмыс мәселелерін ұғыну үшін адам өзінің ішкі құндылықтарына жүгінеді. Субъективті тұрғыда құндылықтар адам арқылы идеалдар ретінде баста кешіріледі.

Тұлғаның теориялық типі үшін құндылық ақиқатты түсіну немесе оны іздеу болып табылады. Экономиклық тұлға пайда мен кіріс әкелетін нәрсені бағалайды. Ақша - бұл адам өмірінің басты құндылығы. Ол үшін адамдар көп нәрсеге дайын. Эстетикалық типке өмірдегі

барлық керемет және әдемі нәрселерді бағалайтындар кіреді. Мұндай адамдар “әлемді сұлулық құтқарады” деген тұжырыммен келіседі. Әлеуметтік типтегі адамдар өмірдегі ең маңызды құндылық – айналасындағы адамдардың махаббаты және адамдар арасындағы қарым-қатынас тек сүйіспеншілікке негізделуі керек деп санайды[13].

Қазіргі психологияда құндылық бағдарлар студенттердің әлеуметтік бейімделуінің негізгі психологиялық көрсеткіші ретінде қарастырылады. Олар оқу мотивациясына, әлеуметтік қарым-қатынас орнатуға, жаңа ортадағы нормаларды қабылдауға ықпал етеді. Сонымен бірге, құндылық бағдарлар тұлғаның жеке тәжірибесі мен мәдени-әлеуметтік ортасына байданысты қалыптасып, студенттің бейімделу процесінің бағытын айқындайды[14].

Қазіргі психологиялық зерттеулерде студенттердің әлеуметтік ортағы бейімделуінде құндылық бағдарларының маңызды рөл атқаратыны айқындалуда. Ш.Шварцтың[15] құндылықтар теориясы бойынша, құндылықтар әмбебеп сипатқа ие болып, тұлғаның қоғамдағы мінез-құлқын реттеуші фактор ретінде қарастырылады. Бұл теорияда он түрлі құндылық түрі анықталған, олар екі негізгі өлшемге бөлінеді:

- өзін-өзі көтеру (self-enhancement) – билік, жетістік сияқты құндылықтар,
- өзін-өзі трансценденттеу (self-transcendence) – қайырымдылық, универсализм сияқты құндылықтар.

Ал екінші өлшемде: консерватизм (conservatism) – дін, қауіпсіздік, конформизмге бейімділік сияқты құндылықтар. Өзгеріске ашықтық (openness to change) – шығармашылық, тәуелсіздік, жаңа тәжірибелерге ұмтылу.

Осы модель негізінде студенттердің әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін түсіндіруге болады. Конформизм консерватизм өлшеміне жата отырып, студенттің әлеуметтік топ нормаларына бағыну үрдісін күшейтеді. Мұндай жағдайда құндылық бағдарлары ұжымдық үйлесім мен әлеуметтік қауіпсіздікті басым қояды. Алайда, бұл жеке тұлғаның дербес шешім қабылдауын әлсіретуі мүмкін [16].

Сонымен бірге, өзін-өзі трансценденттеу құндылықтарына бейім студенттер өзгелердің мүддесін ескеріп, әлеуметтік бейімделуде конструктивті жолды таңдайды. Ал өзін-өзі көтеруге бағытталғандар (мысалы, жетістікке немесе билікке ұмтылатындар) әлеуметтік бейімделу кезінде бәсекелестікке көбірек мән береді.

Құндылықтардың бірнеше сипаттамалары бар, оларды экологиялық мінез-құлықтың алғышарттары ретінде ерекше қызықты етеді. Біріншіден, құндылықтар дүниетанымға қарағанда анағұрлым жалпы болып келеді және тұлғаның жеке басының бағдарларының кең ауқымына қатысты болады. Сондықтан, құндылықтардың экологиялық мінез-құлыққа әсерін талдау мұндай мінез-құлықтың терең мотивациялық негізін ашады, экологиялық мінез-құлыққа алғышарт болатын жағдайларды белгілейді және нақты бір мінез-құлық өлшеміне тәуелді болмайды деп күтіледі.

Екіншіден, құндылықтар тұлғада ерте жастан бастап әлеуметтену барысында және оқу тәжірибелері арқылы қалыптасады, сондықтан өмір бойы салыстырмалы түрде тұрақты болып қалады [17]. Құндылықтар ерте жастан қалыптасатындықтан, педагогтар мен саясаткерлер олардың әсерін кейін өзгерту қиынға соғатынын байқауы мүмкін.

Үшіншіден, құндылықтар абстрактілі сипатқа ие болғандықтан, олардың мінез-құлыққа әсері нақты жағдайлар мен әлеуметтік-экономикалық контекстіден асып түсіп, мінез-құлықты елдер арасындағы салыстырмалы зерттеулерге қолайлы етеді [18].

Соңғы отыз жылда жүргізілген әртүрлі зерттеулер Шварцтың құндылықтар теориясын экологиялық көзқарастарды, наным-сенімдерді, алаңдаушылықтарды, ниеттерді және іс-әрекеттерді зерттеуге байланыстырып келді (Corraliza and Berenguer 2000; De Groot and Steg 2007, 2008; Dietz et al. 2005; Nordlund and Garvill 2002; Oreg and Katz-Gerro 2006; Schultz and Zelezny 1999; Steg and Vlek 2009; Stern 2000; Stern and Dietz 1994; Stern et al. 1993). Осы зерттеулер жиынтығынан қалыптасқан жалпы заңдылық құндылықтардың мінез-құлықтағы негізгі рөлін көрсетеді.

**Ғылыми зерттеу әдіснамасы.** Студенттердің құндылық бағдарлары мен әлеуметтік ортаға бейімделуінің өзара байланысын жан-жақты талдау үшін біз мына әдістерді пайдаланамыз. Шварцтың құндылықтар портреттері сауалнамасы - қазіргі кезде құндылық бағдарларды өлшеудің ең кең тараған әдістерінің бірі. Бұл сауалнама адамның құндылықтар жүйесін анықтауға, олардың жеке тұлғаның өмірлік стратегиясына қалай әсер ететінін бағалауға мүмкіндік береді. Шварц құндылықтарды 10 негізгі типке (өзін-өзі дамыту, стимуляция, гедонизм, жетістікке ұмтылу, билік, қауіпсіздік, конформизм, дәстүр, ізгілік, универсализм) және 4 кең факторға (өзін-өзі жетілдіру, өзгерістерге ашықтық, өзін сақтау, өзін асырау) бөледі. Әдістемеде әрбір респондентке тұлғаның өмірлік ұстанымын сипаттайтын портреттер ұсынылады, ал қатысушылар олардың өзіне қаншалықты ұқсас екенін бағалайды. Жауаптардың нәтижелері тұлғаның жетекші құндылықтарын, құндылықтар иерархиясын және әлеуметтік ортадағы бағыттылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Э.Шпрангердің «Құндылық типтері» әдістемесі тұлғаның жетекші өмірлік ұстанымдарын алты құндылық типіне бөледі: теориялық (ақиқатқа ұмтылу), экономикалық (пайда, табыс), эстетикалық (сұлулық, үйлесім), әлеуметтік (адамдарға көмектесу), саяси (билік, ықпал) және діни (рухани мән). Әдістеме әрбір қатысушының құндылық бағдарларының басымдығын анықтап, тұлғаның өмірлік стилін сипаттайды. Мысалы, әлеуметтік типке жататын студент адамдармен қарым-қатынасқа және көмек көрсетуге көбірек мән берсе, теориялық типтегі студент ғылыми ізденістерге бейім болады. Бұл әдістеме студенттердің құндылық бағдарларының әлеуметтік бейімделудегі рөлін нақтылауға мүмкіндік береді.

К.Роджерстің «Жеке тұлғаның бейімделу сауалнамасы» тұлғаның жалпы психологиялық үйлесімділігі мен бейімделу дәрежесін анықтайды. Сауалнама 101 тұжырымнан тұрады және бейімделудің негізгі параметрлерін (эмоциялық тұрақтылық, өзіндік «Мен» тұжырымдамасы, әлеуметпен қарым-қатынас) өлшейді. Жауаптар нәтижесінде студенттің өзін-өзі бағалауы, ішкі үйлесімі және әлеуметтік ортада тепе-теңдік табуы айқындалады.

«Әлеуметтік бейімделу шкаласы» (С. Кузьмин, 1990) тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейін сандық тұрғыдан бағалауға арналған. Бұл әдістеме студенттің жаңа ортадағы мінез-құлқын, әлеуметтік нормаларды қабылдауын, қарым-қатынасқа дайындығын өлшейді. Шкаланың көрсеткіштері студенттердің жаңа топқа, оқу процесіне және әлеуметтік жағдайларға бейімделу деңгейін сипаттап, олардың бейімделу қиындықтарын айқындауға көмектеседі.

**Нәтижелері мен талқылама. Іріктеме.** Зерттеу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (КУ) студенттері мен Қайнар университеті (Q) арасында жүргізілді. Респонденттер ретінде 18-19 жас аралығындағы психология мамандығында оқитын 75 студентке эмпирикалық зерттеу жүргізілді, соның ішінде КУ 40 студент және Q 35 студент алынды.

Зерттеу Google forms платформасында жүргізілді, жауаптар 09.03.25-02.05.2025 аралығында жиналды. Форма КУ-дың психология мамандығының 1 курс студенттері мен Q-дың 1 курс студенттері арасында таратылды.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу және оларды ғылыми тұрғыда дәлелдеу үшін SPSS 26.0 бағдарламасы қолданылды. Эмпирикалық мәліметтерді талдау барысында келесі статистикалық әдістер пайдаланылды:

Салыстырмалы талдау үшін - тәуелді t-критерийі қолданылды. Бұл әдіс екі университет студенттерінің нәтижелерді салыстыру үшін тиімді, өйткені бір топтағы бірдей қатысушылардың көрсеткіштері уақыт бойынша өзгерісін бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 – КУ студенттерінің құндылық және бейімделу көрсеткіштері

Әдістеме	Орташа мән (Mean)	Стандартты ауытқу (SD)
Шварцтың құндылықтар портреттері сауалнамасы	5.02	1.17

Э. Шпрангердің «Құндылық типтері» әдістемесі	4.95	1.21
«Әлеуметтік бейімделу шкаласы» (С. Кузьмин, 1990)	5.01	1.19
К. Роджерстің «Жеке тұлғаның бейімделу сауалнамасы»	4.89	1.16

Кесте 1 сипаттамасы бойынша КУ студенттерінің зерттеу нәтижелері олардың құндылық бағдарлары мен бейімделу деңгейлерінің жоғары екенін көрсетеді. Шварцтың құндылықтар портреттері сауалнамасы бойынша орташа мән  $M = 5.02$ ,  $SD = 1.17$  құрады. Бұл студенттердің тұлғалық құндылықтарының айқын қалыптасқанын және өмірлік бағыттарының тұрақтылығын дәлелдейді. Э.Шпрангердің «Құндылық типтері» әдістемесінде орташа көрсеткіш  $M = 4.95$ ,  $SD = 1.21$  деңгейінде болды. С. Кузьминнің «Әлеуметтік бейімделу шкаласы» бойынша орташа мән  $M = 5.01$ ,  $SD = 1.19$  көрсеткішіне тең болды. К.Роджерстің «Жеке тұлғаның бейімделу сауалнамасы» нәтижелері бойынша орташа мән  $M = 4.89$ ,  $SD = 1.16$  деңгейінде анықталды. Бұл студенттердің өзін-өзі қабылдау деңгейінің, эмоционалды тұрақтылығының және тұлғааралық қарым-қатынастағы үйлесімділігінің жақсы дамығанын көрсетеді.

Кесте 2 – Q университеті студенттерінің құндылық және бейімделу көрсеткіштері

Әдістеме	Орташа мән (Mean)	Стандартты ауытқу (SD)
Шварцтың құндылықтар портреттері сауалнамасы	4.98	1.02
Э. Шпрангердің «Құндылық типтері» әдістемесі	4.56	1.09
«Әлеуметтік бейімделу шкаласы» (С. Кузьмин, 1990)	4.19	1.06
К. Роджерстің «Жеке тұлғаның бейімделу сауалнамасы»	4.58	1.08

Кесте 2 сипаттамасы бойынша Q университетінің студенттеріне жүргізілген зерттеу нәтижелері олардың құндылық бағдарлары мен әлеуметтік бейімделу көрсеткіштерінің орташа деңгейде екенін көрсетті. Шварцтың құндылықтар портреттері сауалнамасы бойынша орташа мән  $M = 4.98$ ,  $SD = 1.02$  болды. Э.Шпрангердің «Құндылық типтері» әдістемесінде орташа көрсеткіш  $M = 4.56$ ,  $SD = 1.09$  құрады. С.Кузьминнің «Әлеуметтік бейімделу шкаласы» нәтижелері бойынша орташа мән  $M = 4.61$ ,  $SD = 1.05$  деңгейінде болды. К.Роджерстің «Жеке тұлғаның бейімделу сауалнамасы» нәтижелері  $M = 4.58$ ,  $SD = 1.08$  көрсеткішін берді.


Қатысушылардың құндылық бағдарлары мен әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс Пирсон корреляция коэффициенті арқылы бағаланды (SPSS Statistics 26.0 бағдарламасында).

Кесте 3 – КУ және Q университеті студенттерінің көрсеткіштерін салыстыру (t-тест)

Әдістеме	ҚазҰУ (M±SD)	Қайнар (M±SD)	t	p
Шварц	4.76 ± 1.10	4.85 ± 1.06	-0.36	0.718
Шпрангер	4.91 ± 1.15	4.61 ± 1.17	1.14	0.257
Кузьмин	5.02 ± 1.01	4.75 ± 1.04	1.16	0.250
Роджерс	4.85 ± 1.12	4.43 ± 1.02	1.76	0.083

Кесте нәтижелері КУ студенттерінің көрсеткіштері барлық әдістемелер бойынша Қайнар университетінің студенттеріне қарағанда жоғары екенін көрсетеді. Шварц пен Шпрангер

әдістемелерінде айырмашылық тенденция түрінде байқалса, Роджерс әдістемесінде айқын көрініс береді ( $t = 1.76$ ,  $p \approx 0.083$ ). Бұл КУ студенттерінің құндылық бағдарлары мен әлеуметтік бейімделу деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары екенін дәлелдейді.



Сурет 1 - КУ және Q университеті студенттерінің көрсеткіштерін салыстырмалы диаграмма

Сурет 1 сипаттамасы бойынша, бұл диаграммада КУ және Q университеті студенттерінің құндылық бағдарлары мен әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері салыстырмалы түрде бейнеленген. Нәтижелерге сәйкес, барлық әдістемелер бойынша КУ студенттерінің орташа көрсеткіштері жоғарырақ екені анық байқалады. Бұл олардың құндылық жүйесінің айқынырақ қалыптасқанын және әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетінің күштірек екенін дәлелдейді.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуі олардың құндылық бағдарларымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Теориялық тұрғыдан алғанда, құндылық бағдарлары тұлғаның мінез-құлқын реттеуші негізгі фактор болып табылады және ол әлеуметтік ортада бейімделудің тиімді стратегияларын таңдауға ықпал етеді. А.Маслоу, В.Франкл, Ш.Шварц сияқты ғалымдардың еңбектерінде құндылықтардың адамның өзін-өзі жүзеге асыруы мен әлеуметтік интеграциясында шешуші рөл атқаратыны көрсетілген.

Эмпирикалық деректерге сүйене отырып, КУ студенттерінің құндылық бағдарлары мен бейімделу деңгейі Q университеті студенттеріне қарағанда жоғарырақ екені анықталды. Бұл олардың университеттік ортаға саналы түрде түсуімен, оқу мотивациясының айқындылығымен және тұлғалық-әлеуметтік құзыреттерінің дамығандығымен түсіндіріледі. Шварцтың құндылықтар портреттері сауалнамасы бойынша КУ студенттері гуманистік құндылықтарға көбірек мән берген болса, Э.Шпрангер әдістемесі олардың мәдени-рухани бағыттылығын айқындады. С.Кузьминнің әлеуметтік бейімделу шкаласы мен К.Роджерстің жеке тұлғаның бейімделу сауалнамасы нәтижелері КУ студенттерінің жаңа ортаға икемделуі, өзін-өзі қабылдауы және тұлғааралық үйлесімділігі жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Зерттеу барысында студенттердің құндылық бағдарлары олардың әлеуметтік ортаға кірігуіне ықпал ететінін және бұл екі көрсеткіштің өзара тығыз байланыста болатыны дәлелденді. Құндылық бағдарлары айқын және тұрақты студенттерде бейімделу деңгейі де жоғары, ал құндылық жүйесі толық қалыптаспаған жағдайда бейімделу барысында қиындықтар туындайды.

Жалпы қорытындылай келе, студенттердің құндылық бағдарлары әлеуметтік бейімделудің негізгі психологиялық детерминанты болып табылады. Бұл нәтижелер теориялық тұрғыда тұлғаның құндылық жүйесінің маңыздылығын айқындап қана қоймай, практикалық тұрғыда университет студенттерінің әлеуметтік бейімделуін қолдау бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін де көрсетеді. Университеттік ортада құндылық бағдарларының қалыптасуына жағдай жасау студенттердің тұлғалық дамуын, әлеуметтік белсенділігін және кәсіби жетістіктерін арттырудың маңызды алғышарты болып табылады.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Feldman, K. A., & Newcomb, T. M. (1994). *The impact of college on students*. Transaction Publishers.
2. Eccles, J. S., & Wigfield, A. (2002). *Motivational beliefs, values, and goals*. *Annual Review of Psychology*, 53, 109–132.
3. Широких О. Б. *Генезис ценностных ориентаций профессионально-личностной подготовки учителя в России (вторая половина XIX в. – 90-е гг. XX в.): монография*. М.: МПГУ, 2004. 212 с.
4. Даль В. И. *Толковый словарь живого великорусского языка*. Т. 4. М., 1882. С. 595.
5. Кант И. *Критика практического разума*. М., 2019. 256 с.
6. Гегель Г. *Феноменология духа*. СПб., 1992.
7. Rokeach M. *The nature of human values*. New York: The Free Press, 1973. 438 с.
8. Леонтьев Д. А. *Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности*. 4-е изд., испр. и доп. М.: Смысл, 2019. 584 с.
9. Самарчян А. А. *Некоторые социально-психологические аспекты деятельности личности // Образ жизни и ценностные ориентации личности / отв. ред. Л. А. Арутюнян*. Ереван: АН Арм. ССР, 1979. С. 76–95.
10. Яценко А. И. *Целеполагание и идеалы*. АН УССР, Институт философии. Киев: Наукова думка, 1977. 275 с.
11. Леонтьев Д. А. *Тест смысло-жизненных ориентаций (СЖО)*. М.: Смысл, 2006. 18 с.
12. Знаков В. В. *Психология понимания мира человека*. М.: Институт психологии РАН, 2016. 488 с.
13. Э.Т. Адилова, О.Х. Аймаганбетова, З.Б. Мадалиева “Құндылық мәселелерін зерттеуге арналған негізгі тәсілдер: шетелдік тәжірибе”. *Психология және социология сериясы*. №1 (76). 2021 <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz>
14. Галажинский Э. В. *Связь субъективного качества жизни с представлениями о счастье (ценностной обусловленностью счастья, интенсивностью мотивации счастья и ответственностью за собственное счастье) у студенческой молодежи*. Томск, 2019. С. 19–37.
15. Schwartz, S. H. (1994). *Are There Universal Aspects in the Structure and Contents of Human Values?* *Journal of Social Issues*, 50 (4), 19–45. DOI: 10.1111/j.1540-4560.1994.
16. Schwartz, S. H. (2007). *Value orientations: Measurement, antecedents and consequences across nations. Measuring attitudes cross-nationally: Lessons from the European Social Survey*, 169, 204–214. DOI: 10.4135/9781849209
17. Schwartz, S. H. (1992). *Universals in the Content and Structure of Values: Theoretical Advances and Empirical Tests in 20 Countries. Advances in Experimental Social Psychology*, 25, 1–65. DOI: 10.1016/S0065-2601(08)60281-6
18. Ruchka, A. A. (1976). *Social values and norms [Sotsial'nye tsennosti i normy]*. Kiev: Science opinion. (In Russian).